TENGRI

MASSAGET

vesti.kz

«Effective Media Liaison» ЖШС
Қазақстан Республикасы, A05E3A6 (050012)
Алматы қ., Алмалы ауданы
Қарасай батыр көшесі, 88

ТОО «Effective Media Liaison»
Республика Казахстан, A05E3A6 (050012)
г. Алматы, Алмалинский район
улица Карасай батыра, 88

+7 (727) 3 888 138 | info@tn.kz

Шығ. «21» қазан 2026 ж.
№ 1-144

Қазақстан Республикасы
Аумақтық сайлау комиссияларының
төрағаларына

«Effective Media Liaison» ЖШС (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 қазандағы № 60/9 қаулысымен Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған сайлауына кандидаттардың партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың және бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша ұсынылған кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін Компанияның https://tengrinews.kz/ және https://massaget.kz/ сайттарында Интернет алаңдарды ұсынудың жалпы шарттары туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық хабарламалардың мәтіндерін жолдайды.

Компания ақпараттық хабарламалардың мәтіндерін 2026 жылғы «21» қазанда www.tengrinews.kz/ сайтында мына сілтемелер бойынша ресми түрде жариялады:

- https://tengrinews.kz/press_releases/2482/ - орыс тіліндегі нұсқасы;
- https://kaz.tengrinews.kz/press_releases/149/ - мемлекеттік тілдегі нұсқасы.

Жолданып отырған мәтіндер жарияланған ақпараттық хабарламаларға толық сәйкес келеді. Бұл ақпаратты назарға алуды сұраймыз.

Қосымша: ақпараттық хабарламалардың 5 бетке жазылған мәтіндері

Директор А.О. Алдабергенов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ Effective Media Liaison ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ ГОРОД АЛМАТЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 қазандағы № 60/98 қаулысымен Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған сайлауына кандидаттардың партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың және бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша ұсынылған кандидаттардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін «Effective Media Liaison» ЖШС ақпараттық порталдарында интернет-алаңдар ұсынудың жалпы шарттары

«Effective Media Liaison» ЖШС - «https://tengrinews.kz/» және «https://massaget.kz/» ақпараттық порталдарының (бұдан әрі – Сайт/тар) меншік иесі, Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына, ҚР Президентінің 2026 жылғы 12 қазандағы №1521 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 13 қазандағы №60/98 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының **2026 жылғы 29 қарашаға** тағайындалған сайлауына қатысу үшін кандидаттардың партиялық тізімін ұсынған саяси партиялар мен бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша ұсынылған кандидаттарды сайлауалды үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастыру үшін интернет-алаңдарды ұсыну ақысының мөлшері, шарттары және тәртібі туралы хабардар етеді.

Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары **2026 жылғы 1 қарашада жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-ден кейін басталып, 2026 жылғы 28 қарашада жергілікті уақыт бойынша сағат 00:00-де аяқталады.** Осыған сәйкес, Сайттардың беттерінде үгіт материалдары көрсетілген кезең ішінде орналастырылады.

Сайттар интернет-алаңдарды Сайттардың меншік иесі мен Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімін тіркеген саяси партия (бұдан әрі – Саяси партия) немесе Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутатығына бірмандатты аумақтық сайлау округі бойынша ұсынылған кандидат (бұдан әрі – Бірмандатты округ бойынша кандидат) арасында жасалатын жазбаша шарт негізінде ұсынады. Шартты Саяси партияның немесе Бірмандатты округ бойынша кандидаттың атынан олардың уәкілетті өкілі жасаса алады. Үгіт материалдарының саны мен оларды орналастыру мерзімі Саяси партияның немесе Бірмандатты округ бойынша кандидаттың не олардың уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі және кейіннен шартта бекітіледі.

Өтініштер саяси партиялардың және бірмандатты аумақтық сайлау округі бойынша ұсынылған кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында кезектілік тәртібімен тіркеледі, әрбір жазбаша өтінішке реттік нөмір беріліп, оның келіп түскен күні көрсетіледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

1) Саяси партия кандидаттарының партиялық тізімінің тіркелгенін немесе Бірмандатты округ бойынша кандидаттың ҚР мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тиісті сайлау комиссиясында тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) өтінішті Саяси партияның немесе Бірмандатты округ бойынша кандидаттың өкілі берген жағдайда, оның өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;

4) шарт жасасуға өкілеттігін растайтын құжаттар.

Саяси партиялардың немесе Бірмандатты округ бойынша кандидаттардың үгіт материалдарын Сайттарда орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретіне қарай айқындалады. Егер өтініштер бір мезгілде келіп түссе, кезектілік жеребе арқылы белгіленеді. Жеребе тарту тәртібі мен шарттарын Сайттардың меншік иесі белгілейді.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте Сайт беттерінде сұралған орын оған дейін жүгінген басқа Саяси партияға немесе басқа Бірмандатты округ бойынша кандидатқа берілген болса немесе техникалық себептерге байланысты ұсынылуы мүмкін болмаса, Сайт өзінің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, Саяси партияға немесе Бірмандатты округ бойынша кандидатқа үгіт материалдарын орналастыру үшін өзге орынды ұсынады.

Үгіт материалдары Сайтқа орналастырылатын күннен кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын ұсынылуы тиіс. Үгіт материалдарында оларды қаржыландыру көздері туралы визуалды ақпарат және ақпаратты ұсынған адамның тегі көрсетілуі қажет.

Үгіт материалдарын ұсынған Саяси партиялар мен Бірмандатты округ бойынша кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігі үшін өздері жауапты болады.

Осы ақпараттық хабарламада белгіленген шарттар мен тәртіп, сондай-ақ тиісті шарттың талаптары бұзылған жағдайда үгіт материалдары орналастырылмайды немесе анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін орналастыру тоқтатыла тұрады.

Үгіт материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық немесе рулық алауыздықты қоздыру, заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары болса, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихатталса, сондай-ақ басқа Саяси партиялар мен олардың Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандитаттарының, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына бірмандатты аумақтық сайлау округі бойынша ұсынылған кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін мәліметтер болса, Сайттың меншік иесі мұндай үгіт материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген Интернет-алаң ұсыну шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Үгіт материалдарын орналастыру құны

Материалдарды tengrinews.kz сайтында орналастыру		
Қызметтің атауы	**Ескертпе**	**Теңгемен есептелген құны, ҚҚС-пен**
Tengrinews лентасына шығарылатын коммерциялық материал	Бос орындарды қоспағанда 2500 таңбаға дейінгі материалды орналастыру, 5 фотоға дейін.	1 300 000 ₸
Tengrinews лентасына шығарылатын Сұхбат/Лонгрид	Бос орындарды қоспағанда 10 000 таңбаға дейінгі материалды орналастыру, 15 фотоға дейін.	1 500 000 ₸
Tengrinews-тегі Коммерциялық материал (Өңірге таргет жасау)	Бос орындарды қоспағанда 2500 таңбаға дейінгі материалды орналастыру, 5 фотоға дейін. (Материал тек таңдалған өңірде 12 сағат бойы көрінеді). Астана, Алматы, Шымкенттен басқа	600 000 ₸
Tengrinews-тегі Сұхбат/Лонгрид (Өңірге таргет жасау)	Бос орындарды қоспағанда 10 000 таңбаға дейінгі материалды орналастыру, 15 фотоға дейін. (Материал тек таңдалған өңірде 12 сағат бойы көрінеді) *Астана, Алматы, Шымкенттен басқа	700 000 ₸
"Өзекті" бөлімінде бекіту	24 сағатқа бекітіледі	150 000 ₸
"Мақалалар" бөлімінде бекіту	24 сағатқа бекітіледі	200 000 ₸
Басты жаңалықтарда бекіту	Материал 4 сағатқа "алты жаңалық" қатарына бекітіледі	+100%
Материалға видео қосу	Дайын видеоны YouTube сілтеме арқылы клиент ұсынады	300 000 ₸
Коммерциялық материалдың мәтінін дайындау	Бос орындарды қоспағанда 2500 таңбаға дейін	150 000 ₸
Лонгрид/сұхбат/фоторепортаж	Бос орындарды қоспағанда 10 000	250 000 ₸

мәтінін дайындау	таңбаға дейін	
Журналистің оқиға орнына баруы	Оқиға орнында болу ұзақтығы 2 сағаттан аспайды	+50%
Фотограф қызметі	Оқиға орнында болу ұзақтығы 2 сағаттан аспайды	150 000 ₸
Tengri әлеуметтік желілерінде орналастыру		
Tengrinews.kz Instagram-парақшасындағы Пост/Reels	Бос орындарды қоспағанда 1 500 таңбаға дейінгі пост орналастыру, 10 фотоға дейін.	1 100 000 ₸
Tengrinews.kz Instagram-парақшасындағы Stories	Stories 24 сағатқа жарияланады. Видеоның рұқсат етілген ұзақтығы – 15 секундтанен 60 секундқа дейін.	650 000 ₸
Tengrinews.kz Telegram-арнасындағы Пост	Бос орындарды қоспағанда 800 таңбаға дейінгі пост орналастыру.	1 200 000 ₸
Tengrinews.kz WhatsApp-арнасындағы Пост	Бос орындарды қоспағанда 800 таңбаға дейінгі пост орналастыру.	200 000 ₸
TengriAlmaty Instagram-парақшасындағы Пост/Reels	Бос орындарды қоспағанда 1 500 таңбаға дейінгі пост орналастыру, 10 фотоға дейін.	200 000 ₸
TengriAlmaty Instagram-парақшасындағы Stories	Stories 24 сағатқа жарияланады. Видеоның рұқсат етілген ұзақтығы – 15 секундтан 60 секундқа дейін.	100 000 ₸
TengriAstana Instagram-парақшасындағы Пост/Reels	Бос орындарды қоспағанда 1 500 таңбаға дейінгі пост орналастыру, 10 фотоға дейін.	200 000 ₸
TengriAstana Instagram-парақшасындағы Stories	Stories 24 сағатқа жарияланады. Видеоның рұқсат етілген ұзақтығы – 15 секундтан 60 секундқа дейін.	100 000 ₸
Tengrinews.kz сайтындағы медиалық жарнама		
TN1 баннері	300x250 px desktop, top + 320x100 px top mobile, барлық бетте көрсетіледі. 1000 көрсетілімнің құны ұсынылған	2 500 ₸
TN2 баннері	980x125 px desktop, top + 320x100 px top mobile, барлық бетте көрсетіледі. 1000 көрсетілімнің құны ұсынылған	2 000 ₸
TN басты бетін брендтеу	470x1280 px desktop, пайдалы аумағы 150x900 px. 1 тәуліктің құны көрсетілген	300 000 ₸
TN басты бетінен басқа барлық беттерін брендтеу	470x1280 px desktop, пайдалы аумағы 150x900 px. 1 тәуліктің құны көрсетілген	400 000 ₸
Материалдарды kaz.tengrinews.kz сайтында орналастыру		
Kaz.tengrinews лентасына шығарылатын Коммерциялық материал	Бос орындарды қоспағанда 2 500 таңбаға дейінгі материалды орналастыру, 5 фотоға дейін.	350 000 ₸
Kaz.tengrinews лентасына	Бос орындарды қоспағанда 10 000	400 000 ₸

шығарылатын Сұхбат/Лонгрид	таңбаға дейінгі материалды орналастыру, 15 фотоға дейін.	
Kaz.tengrinews.kz әлеуметтік желілерінде орналастыру		
Kaz.tengrinews.kz Instagram-парақшасындағы Пост/Reels	Бос орындарды қоспағанда 1 500 таңбаға дейінгі пост орналастыру, 10 фотоға дейін.	250 000 ₸
Kaz.tengrinews.kz Instagram-парақшасындағы Stories	Stories 24 сағатқа жарияланады. Видеоның рұқсат етілген ұзақтығы – 15 секундтан 60 секундқа дейін.	150 000 ₸
Kaz.tengrinews.kz Telegram-арнасындағы Пост	Бос орындарды қоспағанда 800 таңбаға дейінгі пост орналастыру.	100 000 ₸
Материалдарды massaget.kz сайтында орналастыру		
Massaget сайтындағы Коммерциялық материал	Бос орындарды қоспағанда 2 500 таңбаға дейінгі материалды орналастыру, 5 фотоға дейін.	400 000 ₸
Massaget сайтындағы Сұхбат/Лонгрид	Бос орындарды қоспағанда 10 000 таңбаға дейінгі материалды орналастыру, 10 фотоға дейін.	450 000 ₸
Басты жаңалықтарда бекіту	Материал 4 сағатқа Басты жаңалықтар бөлімінде бекітіледі.	100 000
Коммерциялық материалдың мәтінін дайындау	Бос орындарды қоспағанда 2 500 таңбаға дейін.	100 000 ₸
Лонгрид/фоторепортаж мәтінін дайындау	Бос орындарды қоспағанда 10 000 таңбаға дейін.	200 000 ₸
Massaget әлеуметтік желілерінде орналастыру		
Massaget Instagram-парақшасындағы Пост	Бос орындарды қоспағанда 1 500 таңбаға дейінгі пост орналастыру, 10 фотоға дейін.	100 000 ₸
Massaget Instagram-парақшасындағы Stories	Stories 24 сағатқа жарияланады. Видеоның рұқсат етілген ұзақтығы – 15 секундтан 60 секундқа дейін.	75 000 ₸
Massaget Telegram-арнасындағы Пост	Бос орындарды қоспағанда 800 таңбаға дейінгі пост орналастыру.	100 000 ₸
Қосымша қызметтер		
Таңбалардың белгіленген шектен асуы	Белгіленген шектен асқан әр таңба үшін қосымша ақы алынады	350 тг/таңба
Жарияланған материалға түзетулер енгізу	Материалдың 10% аспауы тиіс	350 000 ₸

Орналастырылған мәтіндік материалдар Сайттың десктоп-нұсқасында, мобильді нұсқасында және мобильді қосымшасында қолжетімді болады. Сайттар дайын сайлауалды үгіт материалдарын орналастырады, сондай-ақ Саяси партияның немесе Бірмандатты округ бойынша кандидаттың өтінімі бойынша жарияланған прайс-листке сәйкес сайлауалды үгіт материалдарын дайындау (әзірлеу) қызметтерін көрсетеді. Сайлауалды үгіт материалдары Саяси партияның немесе Бірмандатты округ бойынша кандидаттың тапсырмасы негізінде дайындалады және оның ақысы тиісті сайлау қорының қаражаты есебінен төленеді.

Сайтта үгіт материалдарын орналастыру жөніндегі шарт бойынша төлем Сайттардың меншік иесі ұсынған төлем шотының негізінде, шот ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Сайтта үгіт материалдарын орналастыруға арналған жазбаша өтініштер **2026 жылғы 29 қазаннан 2026 жылғы 24 қарашаны қоса алғандағы кезеңде**, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, 10 сағат 00 минуттан бастап, 18 сағат 00 минутқа дейін мына мекенжайлар бойынша қабылданады:

1. Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 41/1, 2-ші қабат, 209 кабинет;
2. Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 88 үй, 2-ші қабат, коммерциялық қызмет.

Жазбаша өтініштер факсимильдік және интернет-байланыс арқылы қабылданбайды.

Барлық материалдар «Материалдың ақысы ..... тарапынан төленді» деген белгімен бірге ұсынылуға тиіс.